

**Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы қылмыс жасаған адамдарды ұстап беру және қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы шартты бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 13 шілде N 417-І

Алматыда 1997 жылғы 8 сәуірде жасалған Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы қылмыс жасаған адамдарды ұстап беру және қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы шарт бекітілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

**Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы қылмыс жасаған адамдарды ұстап беру және қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы**

**Шарт**

**(2000 жылғы 2 шілдеде күшіне енді - ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2001 ж., N 5, 44-құжат)**

Бұдан әрі Уағдаласушы Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Қ ы р ғ ы з Р е с п у б л и к а с ы , халықаралық құқық принциптеріне сүйене отырып, мемлекеттердің егемендігін және тең құқықтылығын құрметтеу негізінде, қылмыскерлікпен күресу саласындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында, төмендегілер туралы уағдаласты:

**1-бап Ұстап беру міндеті және қылмыстық қудалауды жүзеге асыру**

Уағдаласушы Тараптар осы Шарттың ережелеріне сәйкес өтініш бойынша ұстап беруге әкелетін қылмыстары үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту мақсатында не үкімді орындау үшін сұрау салымшы мемлекет аумағында іздеу салынып жатқан, олардың аумағында жүрген адамдарды бір-біріне ұстап беруге, сондай-ақ қылмыстық қудалауды жүзеге асыруға міндеттеме алады.

**2-бап Құзыретті мекемелер және лауазымды адамдар**

1. Ұстап беру және қылмыстық қудалау мәселелері жөніндегі қатынастар Уағдаласушы Тараптардың Бас прокуратуралары арқылы жүзеге асырылады.

2. Құзыретті лауазымды адамдар Уағдаласушы Тараптың Бас прокуроры, оның орынбасарлары болып табылады.

### **3-бап Тіл**

Осы Шартты орындау кезінде Уағдаласушы Тараптар орыс тіліне аударылған құжаттарды қоса бере отырып өзінің мемлекеттік тілін немесе орыс тілін пайдаланады.

### **4-бап Ұстап беру**

1. Уағдаласушы Тараптар осы Шартта көзделген шарттарға сәйкес, талап бойынша олардың аумағында жүрген адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тарту немесе үкімді орындау үшін бір-біріне ұстап беруге міндеттеме алады.

2. Сұрау салынған және Сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың заңдары бойынша жазаланатын және жасалғаны үшін кемінде бір жыл мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі немесе одан ауыр жаза көзделетін қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін ұстап беру жасалады.

3. Үкімді орындау үшін ұстап беру Сұрау салушы және Сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың заңдарына сәйкес жазаланатын және оны жасағаны үшін ұстап берілуі талап етіліп отырған адам кемінде алты ай мерзімге немесе одан ауыр жазаға жазаланған қылмыстар үшін жасалады.

### **5-бап Ұстап беруден бас тарту**

1 . Е г е р :

а) ұстап берілуі талап етіліп отырған адам сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың а з а м а т ы б о л с а ;

б) талап алынған сәтте сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың заңдары бойынша, талап мерзімінің өтіп кетуі салдарынан не басқа заңды негіз бойынша қылмыстық қудалау қозғала алмаса немесе үкім орындала алмаса;

в) ұстап берілуі талап етіліп отырған адамға қатысты сұрау салынған Уағдаласушы Тарап аумағында дәл сол қылмысы үшін заңды күшіне енген үкім немесе іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы шығарылса;

г) сұрау салушы немесе сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың заңдарына сәйкес қылмыс жеке айыптау тәртібінде (жәбірленушінің арызы бойынша) қудаланса;

д) сұрау салынған Уағдаласушы Тарап ұстап берілуі талап етілген адамға қатысты дәл сол қылмысы үшін қылмыстық қудалауды жүзеге асырса, Ұстап беру жасалмайды.

2. Жасалғаны үшін ұстап беру талап етіліп отырған қылмыс сұрау салушы

Уағдаласушы Тараптың аумағында жасалса, Ұстап беруден бас тартылуы мүмкін.

3. Ұстап беруден бас тартылған жағдайда сұрау салушы Уағдаласушы Тарапқа бас тартудың негіздері туралы жазбаша түрде хабарлануға тиіс.

## **6-бап Ұстап беруден бас тарту салдарлары**

Егер осы Шарттың 5-бабының а) тармағына сәйкес адамды ұстап беруден бас тартылса, онда сұрау салынған Уағдаласушы Тарап сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың тапсырмасы негізінде өз заңдарына сәйкес осы адамға қатысты қылмыстық қудалау қозғайды. Осы мақсаттарда сұрау салушы Уағдаласушы Тарап сұрау салынған Уағдаласушы Тарапқа оның иелігінде бар істерді, жадығаттарды және дәлелдерді береді.

## **7-бап Ұстап беру туралы талап**

1. Ұстап беру туралы талап жазбаша түрде берілуге және онда мыналар болуға тиіс:

а) сұрау салынған және сұрау салушы мекеме атауы;

б) қылмыстың іс жүзіндегі жағдайларын сипаттау және әрекетті қылмыс деп тануда негізге алынған сұрау салушы Уағдаласушы Тарап заңының, осы заңда көзделген жаза ш а р а с ы к ө р с е т і л г е н , м ә т і н і ;

в) ұстап берілуге тиіс адамның фамилиясы, аты, әкесінің аты, оның азаматтығы, тұратын немесе орналасқан жері, мүмкіндігінше сыртқы түрін сипаттау және оның жеке б а с ы т у р а л ы б а с қ а м а ғ л ұ м а т т а р ;

г) қылмыспен келтірілген зиянның мөлшерін көрсету;

д) қылмыстық жауапкершілікке тарту және үкімді орындау мерзімінің өтуіне қ а т ы с т ы з а ң м ә т і н і .

2. Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру үшін ұстап беру туралы талапқа осы баптың 1-тармағында аталған мәліметтерден басқа, прокурор санкциялаған қамауға алу туралы қаулының куәландырылған көшірмесі не соттың тиісті ұйғарымы, сондай-ақ ұстап берілуі талап етіліп отырған адамның азаматтығын растайтын құжаттар қоса берілуге т и і с .

3. Үкімді орындау үшін ұстап беру туралы талапқа, осы баптың 1-тармағында аталған мәліметтерден басқа, оның заңды күшіне енгендігі туралы белгісі бар үкімнің куәландырылған көшірмесі және адамды соттауда негізге алынған қылмыстық заң ережелері қоса берілуге тиіс. Егер сотталған адам жазаның бір бөлігін өтеген болса, жаза мерзімінің өтелген бөлігі туралы анықтама қоса беріледі.

4. Уағдаласушы Тараптар ұсынатын құжаттар елтаңбалық мөрмен куәландырылуға, ал ұстап беру туралы талапқа құзыретті адам қол қоюға тиіс.

## **8-бап Қосымша мағлұматтар**

1. Егер ұстап беру туралы талапта барлық қажетті мағлұматтар болмаса, онда сұрау салынған Уағдаласушы Тарап қосымша мағлұматтарды талап ете алады, ол үшін бір айға дейінгі мерзім белгілейді. Бұл мерзім сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың өтініші бойынша тағы бір айға ұзартыла алады.

2. Егер сұрау салушы Уағдаласушы Тарап белгіленген мерзімде қосымша мағлұматтарды ұсынбаса, сұрау салынған Уағдаласушы Тарап қамауға алынған адамды босатуға тиіс.

## **9-бап Іздеу салу және ұстап беру үшін қамауға алу**

Ұстап беру туралы талапты алған соң сұрау салушы Уағдаласушы Тарап, ұстап беру жасала алмайтын жағдайларды қоспағанда, ұстап берілуі талап етіліп отырған адамды іздеуге және қамауға алуға шаралар қабылдайды.

## **10-бап Ұстап беру туралы талап алынғанға дейін адамға іздеу салу**

1. Уағдаласушы Тараптар бұл адам сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың аумағында жүр деп болжауға негіздер болған жағдайда оны ұстап беру туралы талап алынғанға дейін тапсыру бойынша адамға іздеу салуды жүзеге асырады.

2. Іздеу салуды жүзеге асыру туралы тапсырма осы Шарттың 7-бабының ережелеріне сәйкес құрылады және онда адамның орналасқан жерін анықтауға мүмкіндік беретін кез келген басқа ақпаратпен қоса іздеу салынып отырған адамды барынша толық сипаттау, бұл адамды ұстап беру туралы талаптың берілетіндігі көрсетіліп, қамауға алу туралы өтініш болуға тиіс.

3. Іздеу салуды жүзеге асыру туралы тапсырмаға құзыретті органның қамауға алу туралы шешімінің не заңды күшіне енген үкімнің куәландырылған көшірмесі, жазаның өтелмеген бөлігі туралы мағлұматтар, сондай-ақ фотосурет және саусақтарының бедері (егер бұлар болса) қоса берілуге тиіс.

4. Іздеу салынып жатқан адамды қамауға алу туралы немесе іздеудің өзге нәтижелері туралы сұрау салушы Тарапқа дереу хабарланады.

## **11-бап Ұстап беру туралы талап алынғанға дейін қамауға алу немесе ұстау**

1. Ұстап берілуі талап етіліп отырған адам Ұстап беру туралы талап алынғанға дейін де қамауға алына алады. Өтініште қамауға алу туралы қаулыға немесе заңды күшіне енген үкімге сілтеме жасалуға тиіс, және онда ұстап беру туралы талаптың

қосымша берілетіндігі туралы айтылуға тиіс. Ұстап беру туралы талап алынғанға дейін қамауға алу туралы өтініш почта, телеграф немесе телефакс арқылы беріле алады.

2. Егер адам басқа Уағдаласушы Тарап аумағында ұстап беруге әкелетін қылмыс жасады деп күдіктенуге заңдармен көзделген негіздер болса, адам осы баптың 1-тармағында көзделген өтінішсіз де ұстала алады.

3. Ұстап беру туралы талап алынғанға дейін қамауға алу немесе ұстау туралы басқа Уағдаласушы Тарапқа дереу хабарлануға тиіс.

## **12-бап Қамауда ұстау мерзімін есептеу**

Осы Шарттың 9, 11-баптарының ережелеріне сәйкес қамауға алынған адамды қамауда ұстау уақыты, ол ұстап берілген жағдайда, Уағдаласушы Тараптың заңдарында көзделген қамауда ұстаудың жалпы мерзіміне қосылады.

## **13-бап Ұсталған немесе қамауға алынған адамды босату**

1. 11-баптың 1-тармағына сәйкес қамауға алынған адам, егер ұстап беру туралы талап қамауға алу күнінен бастап екі ай ішінде келмесе, босатылуға тиіс.

2. 11-баптың 2-тармағына сәйкес ұсталған адам, егер ұстап беру туралы талап ол ұсталған күннен бастап 30 тәулік ішінде келмесе, босатылуға тиіс.

## **14-бап Ұсталған адамды беру**

Сұрау салынған Уағдаласушы Тарап сұрау салушы Уағдаласушы Тарапқа берудің орны мен уақыты туралы хабарлайды. Егер сұрау салушы Уағдаласушы Тарап берудің қойылған күнінен соң 15 күн ішінде берілуге тиіс адамды қабылдаса, бұл адам қамаудан босатылуға тиіс.

## **15-бап Ұстап беруді кейінге қалдыру**

Егер ұстап берілуі талап етіліп отырған адам басқа қылмысы үшін сұрау салынған Уағдаласушы Тарап аумағында қылмыстық жауапкершілікке тартылса немесе айыпталса, оны ұстап беру қылмыстық қудалау тоқтатылғанға, үкім орындалғанға немесе жазадан босатылғанға дейін кейінге қалдырыла алады.

## **16-бап Уақытша ұстап беру**

1. Егер осы Шарттың 15-бапта көзделген ұстап беруді кейінге қалдыру қылмыстық қудалау мерзімінің өтуіне әкелетін болса немесе қылмысты тергеуге зиян келтіретін болса, ұстап берілуі өтініш бойынша талап етіліп отырған адам уақытша беріле алады.

2. Уақытша берілген адам жүргізілуі үшін осы адам берілген қылмыстық іс

бойынша әрекет жүргізілген соң, бірақ адам берілгеннен кейін үш айдан кешіктірмей, қайтарылуға тиіс.

## **17-бап Ұстап беру туралы талаптар коллизиясы**

Егер ұстап беру туралы талаптар бірнеше мемлекеттен түссе, сұрау салынған Уағдаласушы Тарап бұл талаптардың қайсысы қанағаттандырылуы қажеттігін өз бетінше шешеді.

## **18-бап Ұстап берілген адамды қылмыстық қудалаудың шектері**

1. Ұстап берілген адам сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың келісімінсіз, ол ұстап берілгенге дейін жасалған, ол үшін ол ұсталып берілмеген қылмыс үшін қылмыстық жауапкершілікке тартыла немесе жазалана алмайды.

2. Сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың келісімінсіз адам үшінші бір мемлекетке д е б е р і л е а л м а й д ы .

3. Егер ұстап берілген адам қылмыстық іс жүргізу аяқталғаннан кейін бір ай өткен соң, ал сотталған жағдайда - жаза өтелген немесе одан босатылған соң сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың аумағынан кетпесе немесе ол онда өз еркімен қайта оралса, сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың келісімі талап етілмейді. Ұстап берілген адам өзінің айыбынсыз сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың аумағынан кете алмаған уақыт бұл мерзімге қосылмайды.

## **19-бап Қайта ұстап беру**

Егер ұстап берілген адам қылмыстық қудалаудан немесе жазаны өтеуден жалтарса, және сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың аумағына қайта оралса, онда жаңа талап бойынша ол осы Шарттың 7-бабының 2, 3-тармақтарында аталған жадығаттар берілмей ұстап берілуге тиіс.

## **20-бап Қамауда отырған немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеп жатқан адамды уақытша беру**

1. Басқа уағдаласушы Тараптың аумағында қамауда отырған немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеп жатқан адамнан куә немесе жәбірленуші ретінде жауап алу, сондай-ақ оның қатысуымен өзге тергеу әрекетін жүргізу қажет болған жағдайда, бұл адам, оның азаматтығына қарамастан, мүдделі Уағдаласушы Тараптың негізделген өтініші бойынша, сұрау салынған Уағдаласушы Тарап Бас прокурорының шешімі бойынша оны қамауда ұстау және белгіленген уақытта қайтару ш а р т ы м е н у а қ ы т ш а б е р і л е а л а д ы .

2. Осы баптың 1-тармағында аталған адамды уақытша беру туралы өтініш 7-баптың

ережелеріне сәйкес құрылады және сонымен қатар онда бұл адамның сұрау салушы Уағдаласушы Тарапта болуы талап етілетін уақыт көрсетілуге тиіс.

3 . Е г е р :

- а) егер беруге оның келісімі алынбаса;
- б) сұрау салынған Уағдаласушы Тарап аумағында ол алдын-ала тергеуде және сот тергеуінде болуы қажет болғанда;
- в) егер бұндай ұстап беру бұл адамды қамауда ұстаудың немесе оның бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуінің белгіленген мерзімдерін бұзатын болса, осы баптың 1-тармағында аталған адамды уақытша беру жасалмайды.

## **21-бап Нәтижелер туралы хабарлау**

Сұрау салушы Уағдаласушы Тарап сұрау салынған Уағдаласушы Тарапқа ұстап берілген адамға қатысты қылмыстық қудалаудың немесе үкімді орындаудың нәтижелері туралы, сондай-ақ аталған адамды үшінші мемлекетке беру жүзеге асырылғандығы туралы уақытында хабарлайды және сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың өтініші бойынша оған қылмыстық іс бойынша соңғы шешімнің көшірмесі беріледі.

## **22-бап Транзиттік тасымалдау**

1. Уағдаласушы Тарап басқа Уағдаласушы Тараптың өтініші бойынша басқа Уағдаласушы Тарапқа үшінші мемлекет берген адамдарды өзінің аумағы бойынша транзиттік тасымалдауға рұқсат береді.

2. Бұндай тасымалдауға рұқсат беру туралы өтініш ұстап беру туралы талап қаралатын тәртіпте қаралады.

3. Сұрау салынған Уағдаласушы Тарап өзі мақсатқа барынша лайық деп есептейтін әдіспен транзиттік тасымалдауға рұқсат береді.

## **23-бап Ұстап беруге және транзиттік тасымалдауға байланысты шығындар**

Ұстап беруге байланысты шығындарды ол аумағында пайда болған Уағдаласушы Тарап, ал транзиттік тасымалдауға байланысты шығындарды осындай тасымалдау туралы өтінішпен жүгінген Уағдаласушы Тарап көтереді.

## **24-бап Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру міндеті**

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап басқа Уағдаласушы Тараптың тапсыруы бойынша өзінің азаматтық заңдарына сәйкес, сұрау салушы Уағдаласушы Тарап аумағында қылмыс жасады деп күдіктенетін өз азаматтарына қарсы қылмыстық қудалауды жүзеге

асыруға

міндеттеме

алады.

2. Егер іс қозғалған қылмыс қылмыстан зиян шеккен адамдардың азаматтық-құқықтық талаптарына әкеп соқса, зиянның орнын толтыру туралы олардың өтініші болған жағдайда, бұл талаптар аталған істе қаралады.

## **25-бап Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы тапсырма**

1. Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы тапсырмада мыналар болуға тиіс:
  - а) сұрау салынған және сұрау салушы мекеменің атауы;
  - б) қудалау жүзеге асыру туралы тапсырмаға байланысты қылмысты сипаттау;
  - в) істің жасалған уақыты мен орнын мүмкіндігінше нақты көрсету;
  - г) әрекетті қылмыс деп тануда негізге алынған сұрау салушы Уағдаласушы Тарап заңы ережесінің мәтіні, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізу үшін маңызы бар басқа, заң қалыптарының мәтіндері;
  - д) күдікті адамның Фамилиясы және аты, оның азаматтығы, сондай-ақ оның жеке басы туралы басқа мағлұматтар;
  - е) жәбірленушінің арызы бойынша қозғалатын қылмыстық істер бойынша жәбірленушілердің арыздары және зиянды өтеу туралы арыздар;
  - ж) қылмыспен келтірілген зиян мөлшерін көрсету.

Тапсырмаға сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың иелігінде бар қылмыстық қудалау жадығаттары, сондай-ақ дәлелдер қоса беріледі.

2. Сұрау салушы Уағдаласушы Тарап қозғалған қылмыстық істі жолдаған жағдайда бұл іс бойынша тергеуді сұрау салынған Уағдаласушы Тарап өз заңдарына сәйкес жалғастырады. Істе бар әрбір құжат сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың құзыретті мекемесінің елтаңбалық мөрімен куәландырылуға тиіс.

3. Тапсырма және оған қоса берілген құжаттар 3-баптың ережелеріне сәйкес құрылады.

4. Егер қудалауды жүзеге асыру туралы тапсырма жолданған сәтте айыпталушы сұрау салушы Уағдаласушы Тарап аумағында қамауда болса, ол сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың аумағына әкелінеді.

## **26-бап Қылмыстық қудалаудың нәтижелері туралы хабарлау**

Сұрау салынған Уағдаласушы Тарап сұрау салушы Уағдаласушы Тарапқа соңғы шешім туралы хабарлауға міндетті. Сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың өтініші бойынша соңғы шешімнің көшірмесі жолданады.

## **27-бап Құпиялылықты сақтау**



Тиісті өтініш болған жағдайда:

а) Сұрау салынған Уағдаласушы Тарап ұстап беру немесе қылмыстық қудалау туралы талапты, талап мазмұнын және дәлелдейтін құжаттарды құпия сақтау үшін қажетті шаралар қабылдайды. Егер талап құпиялылық бұзылмай орындала алмайтын болса, сұрау салынған Уағдаласушы Тарап бұл жөнінде сұрау салушы Уағдаласушы Тарапқа хабарлайды. Сұрау салушы Уағдаласушы Тарап осыдан соң талапты қанағаттандыруды өтіну қажет не қажет еместігін анықтайды.

б) сұрау салушы Уағдаласушы Тарап сұрау салынған Уағдаласушы Тарап ұсынған дәлелдер мен ақпаратты, бұл дәлелдер мен ақпарат талапта аталған тергеу немесе сот тергеуін жүргізу үшін қажет болған жағдайларды қоспағанда, құпия сақтайды.

## **28-бап Шешім қабылдау салдарлары**

Егер 24-бапқа сәйкес Уағдаласушы Тарапқа үкім күшіне енген соң немесе сұрау салынған Уағдаласушы Тараптың мекемесі басқа түпкілікті шешім қабылдаған соң қылмыстық қудалауды жүзеге асыру туралы тапсырма жіберілсе, сұрау салушы Уағдаласушы Тараптың мекемелері қылмыстық іс қозғай алмайды, ал ол қозғаған іс тоқтатылуға тиіс.

## **29-бап Уағдаласушы екі Тараптың соттарына қарасты істерді қарау тәртібі**

Бір адам немесе бір топ адам олар туралы істер екі немесе одан көп Уағдаласушы Тараптардың соттарына қарасты бірнеше қылмыс жасауда айыпталған жағдайда, оларды қарауға аумағында алдын-ала тергеу аяқталған Уағдаласушы Тараптың соты құзыретті. Бұл жағдайда іс осы Уағдаласушы Тараптың іс жүргізу ережелері бойынша қаралады.

## **30-бап Заттарды беру**

1. Уағдаласушы Тараптар өтініш бойынша бір-біріне:

а) осы Шартқа сәйкес ұстап беруге әкелетін қылмыс жасалған кезде қолданылған заттарды; сондай-ақ қылмыс құралдарын; қылмыс нәтижесінде алынған немесе оны жасағаны үшін сыйақы ретінде алынған заттарды, немесе қылмыскер осындай жолмен алған заттардың орнына алынған заттарды;

б) қылмыстық істе дәлел бола алатын заттарды; бұл заттар қылмыскердің қайтыс болуы, қашып кетуі себебінен немесе өзге жағдайлар бойынша оны ұстап беру жүзеге асырыла алмайтын жағдайларда да беріледі.

2. Егер осы баптың бірінші тармағында аталған заттар сұрау салынған Уағдаласушы Тарапқа қылмыстық істегі дәлелдер ретінде қажет болса, іс бойынша іс жүргізу

аяқталғанға дейін оларды беру кейінге қалдырыла алады.

3. Берілген заттарға деген үшінші адамдардың құқықтары күшінде қалады. Іс бойынша іс жүргізу аяқталған соң бұл заттар оларды берген Уағдаласушы Тарапқа ақысыз қайтарылуға тиіс.

### **31-бап Басқа шарттарға қатынас**

Уағдаласушы Тараптар қатысушысы болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын Уағдаласушы Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін осы Шарт қозғамайды.

### **32-бап Мәселелерді шешу**

Осы Шартты қолдану кезінде пайда болатын мәселелерді өзара келісім бойынша уағдаласушы Тараптардың құзыретті мекемелері шешеді.

### **33-бап Өзгертулер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

Осы Шартқа өзгертулер мен толықтырулар Уағдаласушы Тараптар арасындағы өзара келісім бойынша енгізіледі және әрбір Уағдаласушы Тараптың ұлттық заңдарына сәйкес заң процедуралары орындалған соң күшіне енеді.

### **34-бап Бекіту және күшіне енгізу**

Осы Шарт бекітуге жатады және бекіту грамоталарымен алмасқан соң 30-шы күнде күшіне енеді.

### **35-бап Қолданылу мерзімі**

Осы Шарт мерзімсіз және Уағдаласушы Тараптың кез келгені дипломатиялық арналар арқылы оның күшін тоқтату туралы жазбаша хабар жолдағаннан кейін алты ай өткен соң өз күшін тоқтатады.

Алматы қаласында, 1997 жылғы 8 көкекте қазақ, қырғыз және орыс тілдерінде екі данада жасалды, олардың әрқайсысының күші бірдей.

Осы Шарт мәтінін түсіндіруде қайшылықтар болған жағдайда, орыс тіліндегі мәтін негізге алынады.

*Қазақстан Республикасы*

*үшін*

*үшін*

*Қырғыз Республикасы*

